

Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы уақытша Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 қараша N 1100. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.05.12. N 580 қаулысымен.

Офицерлер кадрларын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тұрақтандыру мақсатында және офицерлер құрамы адамдарының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызмет пен запастағы қызметте болуы туралы Ереже белгіленген тәртіппен бекітілгенге дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қоса беріліп отырған:

Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы Уақытша ереже N 1 қосымшаға сәйкес;

Контракт нысаны N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерімен контрактілер жасасуды мына мерзімдерде:

өз лауазымдарында әскери қызмет атқарып жүрген офицерлермен 1994 жылдың 31-ші желтоқсанына дейін;

Ресей Федерациясы, Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына түсуші әскери қызметшілермен - олардың оқу орнына қабылдануы туралы қабылдау комиссиясының шешімінен кейін оларды іссапарға жіберу туралы бұйрық шыққанға дейін;

басқа мемлекеттердің әскери училищелеріне оқуға жіберілген адамдармен - олар оқу орнының бірінші курсын бітірісімен, бірақ олардың 18 жасқа толуынан бұрын емес;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі оқу орындарының 18 жасқа толған курсанттарымен - 1994 жылғы 1 наурызға дейін ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына 1992 жылға дейін оқуға түскен, бұрынғы КСРО республикалары - басқа мемлекеттер Қарулы Күштерінде әскери қызмет атқару ниетін білдірген және оған негізі бар курсанттармен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде

әскери қызмет атқару туралы контрактілер жасалынбасын;
кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілген әскери
қызметшілермен - олардың тиісті курстарға қабылданғаны туралы бұйрық
шыққаннан кейін контрактілер жасалынсын.

3. Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы

әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен
босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы Уақытша ереженің
күші оларға контрактілер жасасу мен әскери қызметшілерді босатуға
құқық беріле отырып, Қазақстан Республикасының Шекара әскерлеріне,
ұлттық қауіпсіздік органдарына, Ішкі әскерлеріне, Республикалық
ұланға және басқа да әскери құрамаларға қолданылсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 қарашадағы
№ 1100 қаулысына
№ 1 қосымша

Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет
атқару мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан
Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы
контрактілер жасасудың тәртібі туралы
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 5, 30-баптарына және "Жалпыға бірдей әскери
міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-
бабына сәйкес Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен
осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен
босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы Уақытша ереже (бұдан

былай Ереже деп аталады) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерімен, әскери міндеттілерімен, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне офицерлер ретінде әскери қызметке ерікті түрде алынған басқа мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен контрактілер жасасудың түрлерін, мерзімдері мен тәртібін белгілейді және жасасылған контракті шарттарын орындау үшін

тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін реттейді.

1. Әскери қызметті атқару туралы контракт жасасудың тәртібі

1. Офицерлер құрамындағы лауазымдарда әскери қызмет атқару туралы контракт жасасуға:

18 жастан бастап әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары (тыңдаушылары);

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметтегі офицерлер;

кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілген 34 жасқа дейінгі әскери қызметшілер;

42 жасқа дейінгі запастағы подполковник, 47 жасқа дейінгі запастағы полковник және одан да жоғары әскери атағы бар запастағы офицерлер;

20 жастан 42 жасқа дейінгі әйелдер қақылы.

2. Контракт бойынша офицерлер құрамындағы лауазымдарда қызмет атқаруға ниет білдірген әскери қызметшілер командасына рапорт береді.

3. Запастағы адамдар арасынан контракт бойынша әскери қызметке алу үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі кадрлар басқармасының өтінімі бойынша әскери комиссариаттар іріктейді.

4. Офицер ретінде әскери қызметке орналасқысы келетін Қарулы Күштердің запасындағы, сондай-ақ әйелдер әскери есепте тұратын жеріндегі әскери комиссариатқа мынадай құжаттарды:

шарт бойынша әскери қызметке орналасқысы келетіндігі туралы өзінің өтінішін;

өз қолымен жазған өмірбаянын;

білімі туралы құжаттың көшірмесін;

соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездемені;

отбасының құрамы мен тұрған мекені туралы анықтаманы түсіреді.

Режимділік бөлімдерге немесе құпия жұмыстармен байланысты лауазымдарға тағайындалатын адамдардың құжаттары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ресімделеді.

5. облыстық әскери комиссариат офицерлер құрамы лауазымдарындағы әскери қызметке алу үшін кандидаттың осы Ереженің талаптарына сәйкестігін алдын-ала бағалайды.

Офицерлердің әскери қызметіне алу үшін іріктелген кандидаттардың құжаттары түскен өтініштерге сәйкес әскери бөлімдердің * командирлеріне (бастықтарына), ал өтінімдерден тыс құжаттар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадрлар басқармасына жіберіледі. Әскери қызметке қабылдануы туралы шешімдер шығарылатын адамдар жөнінде әскери комиссариаттарға оларды ақырғы іріктеу жүргізу үшін әскери бөлімдерге жөнелту туралы шақырту қағаздары жіберіледі. Қалған адамдарға қабылданбау себептері хабарланып, құжаттары қайтарылады. Осы Ережедегі әскери бөлімдер дегенге сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мекемелері, әскери оқу орындары, кәсіпорындары мен ұйымдары да жатады.

6. Қарулы Күштердің запасында тұрған адамдарды, сондай-ақ әйелдерді әскери бөлімдерге жіберуді оларды әскери қызметке ресімдеу орны бойынша әскери комиссариаттар жүзеге асырады.

Әскери бөлімнің командирі келгендермен және ақырғы іріктеуден өткендермен әскери қызмет атқару туралы контракт жасайды, ал әскери қызмет атқаруы туралы контракт жасалмағандарды тиісті аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарына іссапарға қайта жөнелтеді және олардың жеке істерін қабылданбау себептерін көрсетіп қайтарады.

7. Контрактіге қол қойылған адамдар әскери қызмет орнына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен барады.

8. Офицерлер құрамы лауазымдарындағы әскери қызмет атқару туралы контракт әскери қызметші немесе әскери қызметке келетін адам мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі арасында жазбаша түрде қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1100 қаулысының N2 қосымшасымен белгіленген нысан бойынша жасалады.

9. Контракт шарттарының орындалуына кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан запастағы адамдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің қарамағындағы офицерлермен контрактілер жасау құқы офицер құрамына адамдар тағайындауға арналған лауазымдардың номенклатурасына сәйкес жеке құрам бойынша бұйрықтармен толықтырылатын лауазымдарға офицерлер тағайындауға құқы бар командирлерге (бастықтарға) беріледі.

Өздеріне бағынатын әскери бөлімдер бойынша олар үшін штатта

полковникке дейінгі әскери атақтар көзделген Қорғаныс министрінің орынбасарларына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі басқармаларының (бөлімдерінің), әскер түрлері мен қызмет орындарының бастықтарына лауазымдарды толықтырған кезде осындай құқық беріледі.

10. Әскери қызметті өздері алып отырған лауазымдарда атқарып жүрген офицерлермен контракт жасаған кезде олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтап, офицермен контрактіге қол қойылған соң әскери бөлімнің (оған тең жеке батальон командирінен бастап және одан жоғары) командирі (бастығы) контрактіні және оның жасалуы туралы өтінішті қызмет сатысы бойынша жібереді. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан контрактіге қол қою құқы осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген командирлерге (бастықтарға) беріледі.

11. Әскери бөлімнің командирінің (бастығының) жеке құрам бойынша бұйрықтарымен расталған контракті жасалған күн офицер құрамы адамдарының, курсанттардың контракт бойынша әскери қызметінің басталуы болып саналады.

II. Әскери оқу орындарында және кіші офицерлер даярлайтын курстарда оқитын адамдармен әскери қызмет атқару туралы контрактілер жасау

12. Әскери оқу орнының курсанты "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес 1 оқу курсы бітірген соң, егерде оның жасы 18-ге толса, осы Ереженің 21-тармағындағы "а" тармақшасында көзделгендей Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері кадрларының қатарында әскери қызмет атқару туралы контракт ж а с а с а д ы .

13. Офицер атағы жоқ, әскери қызметті контракт бойынша атқарып жүріп, әскери оқу орнына түскен әскери қызметші оқуға түскен соң қолма-қол осы Ереженің 21-тармағындағы "а" тармақшасында көзделгендей жаңа контракт ж а с а л а д ы .

14. Өз еркімен кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілуші әскери қызметшімен осы Ережеде көзделген контрактілер түрлерінің бірі ж а с а л ы н а д ы .

15. Контрактіні бұзған, әскери оқу орнынан денсаулық жағдайы, үлгермеуі бойынша немесе тәртіпсіздігі бойынша шығарылған курсанттар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының өкімі бойынша әскери қызметті одан әрі жалғастыру үшін бөлімдерге жіберіледі немесе запасқа ш ы ғ а р ы л а д ы .

16. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу

орындарында оқып жүрген курсанттармен контрактіні әскери оқу орнының
б а с т ы ғ ы ж а с а й д ы .

17. Басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқитын, сондай-ақ кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарда оқып жүрген әскери қызметшілермен контрактіні Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің өкілі жасайды .

III. Офицерлер құрамы лауазымындағы әскери қызметке контракт бойынша орналасатын адамдарға қойылатын талаптар

18. Контракт бойынша офицерлер құрамы лауазымдарындағы әскери қызметке орналасатын адамдар Қарулы Күштерде ССРО Қорғаныс министрінің 1987 жылғы N 260 Бұйрығымен енгізілген Медициналық куәландыру туралы Ережеге (бейбіт және соғыс уақытында) сәйкес медициналық куәландырудан өткізіледі. Медициналық куәландыру қорытындылары бойынша олардың

әскери қызметке жарамдығы туралы шешім қабылданады.

19. Контракт бойынша әскери қызметке алынушылар:
білім цензисі жөніндегі;
кәсіптік даярлық деңгейі жөніндегі;
моральдық-психологиялық сапасы жөніндегі;
дене шынықтыру нормативтерін орындауы жөніндегі қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Аталған талаптар мен нормативтерді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейді.

20. Контракт бойынша қызмет атқару үшін адамдардың белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау әскери бөлімдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тұрақты жұмыс істейтін аттестациялық комиссияларына жүктеледі.

IV. Офицерлер құрамы лауазымындағы әскери қызметті атқару туралы контрактілердің түрлері

21. Офицер құрамы лауазымдарындағы әскери қызметке орналасарда төмендегі контрактілердің бір түрі:

- а) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері кадрларының қатарында әскери қызмет атқару туралы контракт;
- б) нақтылы әскери бөлімдегі офицер лауазымдарында әскери қызмет

атқару туралы контракт;

в) нақтылы әскери бөлімдегі нақтылы офицер лауазымындағы әскери қызмет атқаруы туралы контракт жасалады.

22. Осы Ереженің 21- тармағындағы "а" тармақшасында көзделгендей контракт жасасқан офицерлер кадрлық офицерлер болып саналады.

Осы Ереженің 21-тармағындағы "б" және "в" тармақшаларында көзделгендей контракт жасасқан офицерлер, қысқа мерзімді қызмет атқарушы офицерлер
б о л ы п с а н а л а д ы .

23. Осы Ереженің 21-тармағындағы "б" және "в" тармақшаларында көзделген контракт бойынша қызмет атқарушы офицерлер полковниктері (I рангтегі капитандар) немесе жоғары дәрежелі офицерлер қызмет атқаратын лауазымдарға , әдетте, тағайындалмайды және оқу үшін әскери академияларға жіберілмейді.

24. Әскери қызмет атқару туралы контрактінің өзге түрі жасалған жағдайда оған қол қойған тараптардың келісімімен әскери қызмет атқару туралы контракт мерзімінен бұрын бұзыла алады.

V. Контракт бойынша әскери қызметтің мерзімдері

25. Офицерлер құрамы лауазымдарындағы әскери қызмет атқару туралы
к о н т р а к т

осы Ереженің 21-тармағындағы "а" тармақшасы бойынша:

- әскери оқу орындарының курсанттарымен, сондай-ақ кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілген әскери қызметшілермен оқу мерзіміне және олар әскери оқу орнын бітірген соң әрбір бес жыл сайын ұзартуға құқы болатын немесе әскери қызметтегі шектеулі жасына жеткенге дейін әскери қызмет атқарудың 10 күнтізбелік жылына;

- өздері отырған лауазымдарда әскери қызмет атқарып жүрген офицерлермен; екі жылға шақырылған офицерлермен шақыру бойынша қызмет мерзімі біткен соң; осы Ереженің 21-тармағындағы "б" және "в" тармақшаларында көзделген контракт бойынша әскери қызмет мерзімі аяқталған соң қысқа мерзімді әскери қызметтің офицерлерімен - кейіннен әрбір бес жыл сайын ұзартылатын офицерлік лауазымдарда 10 күнтізбелік жыл қызмет еткенге дейінгі немесе әскери қызметте болудың шектеулі жасына жеткенге дейінгі мерзімге;

осы Ереженің 21-тармағындағы "б" және "в" тармақшалары бойынша;

- өздері отырған лауазымдарда әскери қызмет атқарып жүрген офицерлермен; осы Ереженің 21-тармағындағы "а" тармақшасында көрсетілген контракт мерзімі

бітісімен кадрлар қатарындағы офицерлермен; екі жылға әскери қызметке шақырылған офицерлермен; кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілген әскери қызметшілермен; запастағы офицерлермен - әрбір бес жыл сайын ұзартуға құқы болатын үш жылға контракт жасалынады.

Әскери қызметте болудың шектеулі жасына жеткенге дейін контракт мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Осы Ереженің 21-тармағындағы "в" тармақшасында көзделген офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару туралы контракт бір мерзімге ғана жасалына алады.

26. Әскери академияға, адъюнктураға немесе әскери докторантураға түскен кадрлар қатарындағы офицерлермен, бұрын жасалған контрактіге қарамастан, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілі осы Ереженің 21-тармағындағы "а" қосымшасында көзделген оқу кезеңіне және оқу орнын бітіргеннен кейінгі бес жылға жаңадан контракт жасайды.

27. Әскери бөлімнің командирі шешім қабылдайды және контрактінің жасалғаны немесе онымен контракті жасаудан бас тартылғаны туралы қолданылатын контрактінің мерзімі біткенге дейін үш айдан кешіктірмей әскери қызметшіге хабарлайды.

V. Әскери қызметтен босату

28. Әскери қызметті контракт бойынша атқарып жүрген офицерлерді запасқа шығару "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мынадай негіздер бойынша (Қарулы Күштердегі офицер құрамының әскери қызмет атқаруы туралы Ережедегі негіздерден басқа):

а) қызмет мерзіміндегі еңбегі бойынша (Заңның 12-бабындағы 3-бөлігінің "а" тармағы) - контрактіде көрсетілген қызмет мерзімінің аяқталуы бойынша;

б) контрактінің бұзылуына байланысты (Заңның 22-бабындағы, 3-бөлігінің "д" тармағы) әскери қызметтен мерзімінен бұрын босату туралы рапорт берген жағдайда офицердің инициативасы мен ықтияры бойынша;

в) отбасы жағдайлары немесе басқа да маңызды себептер бойынша (Заңның 22-бабындағы, 3-бөлігінің "е" тармағы);

- әскери қызметті орындауға кедергі келтіретін отбасы жағдайлары қалыптасқанда. Бұл ретте отбасы жағдайлары деп әйелімен (күйеуімен) болған қайғылы оқиғалар яки офицердің ата-анасы немесе зайыбы оның тарапынан үнемі күтім болуын қажет ететін жағдайлар түсініледі - отбасылық-мүліктік тексеру актісі және әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде;

- мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына сайланбалы лауазымдарға сайланған кезде жүзеге асырылады.

29. ССРО Қорғаныс министрінің 1985 жылғы N 100 бұйрығымен күшіне енгізілген Қарулы Күштердің офицерлер құрамының әскери қызмет атқару туралы Ереженің 59-бабындағы "д" тармағында, 61, 62 баптарында, сондай-ақ осы Ереженің 28-тармағындағы "б" тармақшасында көзделген негіздер бойынша контракт мерзімінен бұрын бұзылып, офицер әскери қызметтен босатылған жағдайда кінәлі жақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 қарашадағы
N 1100 қаулысына
N 2 қосымша

Әскери қызмет атқару туралы

КОНТРАКТ

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жағынан және

(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

әскери қызметші _____
(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

төмендегілер бойынша контракт жасасты:

1. Әскери қызметші _____
(тегі, инициалдары)

әскери қызмет атқаруды реттейтін "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы". "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің

мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы"

Қазақстан Республикасы Заңдарының, Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы Уақытша ереженің және басқа да нормативтік актілердің мазмұнымен таныса келіп, өз еркімен:

а) _____ белгіленген шарттармен
(контракт түрі)

_____ мерзімге қызмет атқаруға;
(контракт мерзімі)

б) контракт бойынша әскери қызметті атқару кезеңінде қызметтік міндеттерін, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын адал да ықтияттылық пен орындауға міндеттенеді.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери

қызметші _____ контракт бойынша
(тегі, инициалдары)

әскери қызметке қабылдайды және:

а) оның алған мамандығына, біліміне, жұмыс тәжірибесіне сәйкес офицерлер атқаратын әскери лауазымдарға тағайындалуына;

б) әскери қызметті контракт бойынша атқарушы әскери қызметшілер үшін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген құқын сақтауға және берілетін жеңілдіктері мен артықшылықтарын жүзеге асыруға, соның ішінде:

ақшалай үлесі мен ақшалай өтемдердің барлық түрлерін үздіксіз төлеп тұруға;

тұрғын үймен қамтамасыз етуге _____ кепілдік береді.
(берілу шарты)

3. Контракт 1993 жылы " ____ " _____ жасалды.

(әскери бөлім аты)

командирінің 199__ жылғы " ____ " _____ N _____ бұйрығының

негізінде қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

4. Контрактіні тараптардың бірі бұза алады және офицер мынадай жағдайларда:

- а) денсаулық ахуалы бойынша;
- б) штаттың қысқартылуына немесе ұйымдастыру шараларына байланысты қызметте ұстауға мүмкіндік болмаған жағдайда;
- в) офицердің контрактіні өз еркімен және өз ықтиярымен бұзуына байланысты;
- г) отбасы жағдайлары немесе басқа да маңызды себептер бойынша;
- д) қызметіне лайықсыздығы бойынша;
- е) әскери қызметшінің атына кір келтіретін қылықтар жасағаны үшін;
- ж) заңды күшіне енген соттың айыптау үкіміне байланысты әскери қызметтен босатылуға жатады.

ССРО Қорғаныс министрінің 1985 жылғы N 100 бұйрығымен енгізілген Қарулы Күштердің офицерлер құрамында әскери қызмет атқару туралы Ереженің 59-бабындағы "д" тармағында, 61, 62-баптарында сондай-ақ Офицер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы әскери

қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасаудың тәртібі туралы Ереженің 28-тармағындағы "б" тармақшасында көзделген негіздер бойынша контракт мерзімі бұзылып, офицер әскери қызметтен босатылған жағдайда кінәлі жақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. Осы контракт 3 дана болып жасалынады.

6. Қосымша шарттар:

7. Осы контрактінің шарттары тараптардың келісімі бойынша

өзгертілуі мүмкін.

Әскери қызметші

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
өкілі

(әскери атағы, қолы және
тегі жазбамен)

(әскери бөлімнің атауы, қолы,
Қорғаныс министрлігі
өкілінің тегі, жазбамен)

" " _____ 1993 жыл.

* * *

Ескертулер:

1. Қойылған қол әскери бөлімнің елтаңбалық мөрімен куәландырылады.
2. Әскери оқу орындарында кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарда оқып жүрген әскери қызметшілер үшін 1-тармақ мынадай мазмұнда болуға тиіс:

Әскери қызметші _____ өз еркімен:

(тегі, инициалдары)

а) әскери оқу орнында (кіші офицерлер даярлау жөнінде) оқу курсын тамамдауға;

б) оқу орнын бітіріп, офицерлер құрамының әскери атағын алғаннан

кейін, контракт бойынша _____,

(контракт түрі) (контракт мерзімі)

мерзімге белгіленген шарттармен офицер болып әскери лауазымдарда қызмет атқаруға;

в) контракт бойынша әскери қызметті атқару кезеңінде қызметтік міндеттерін, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын адал да ықтияттылықпен орындауға міндеттенеді.

3. Ереженің 21-тармағындағы "б" немесе "в" тармақшалары бойынша контракт жасаған әскери қызметшілер үшін 1 және 2-тармақтарда әскери

қызметшінің қызмет атқаратын нақтылы әскери бөлімі немесе нақтылы әскери лауазымы және әскери бөлімі көрсетіледі.

4. Тараптар қолданылып жүрген заңдарды сақтай отырып, қосымша міндеттемелер алған кезде 6-тармақ толтырылады.

5. Контрактінің бірінші және екінші даналары офицерлердің жеке істеріне салынады, үшіншісі - контракт жасаған әскери қызметшінің қолына беріледі.